

әрекет етеді;

6) Жарыс кезінде балам екеуіміз ешқашан және қандай да болмасын жағдайларда басқа қатысушыларға, Ұйымдастырушыға және демеушілерге, бөгде тұлғаларға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қасақана жасамайтынымызды растаймыз;

7) Ұйымдастырушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауы мақсатында, баламды Жарысқа қатысуын тіркеу үшін:

- Ұйымдастыру комитетінің сұрау салуы бойынша осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды (өзімнің және баламның) ұсынуға келісемін;

- Ұйымдастырушының сайтында баламның Жарысқа қатысуы тіркеу нысанын толтыра отырып және Ұйымдастырушыға осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды ұсына отырып, Жарыс Ұйымдастырушысына берілетін баламның дербес деректерін тек менің баламды Жарысқа қатысуға тіркеу мақсатында ғана жинауға, өндеуге, пайдалануға және сақтауға өз келісімімді беремін;

8) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Бірінші болу - батылдық» КҚ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында төмендегілерге өз келісімімді беремін:

- баламның Жарысқа қатысуы және менің Жарысқа қатысуым барысында Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың менің және баламның суретін бейнеге жазуына және суретке түсіруіне (фотосурет және/немесе бейнеролик):

- Ұйымдастырушыға менің атымды және баламның атын пайдалануға, менің және баламның суретін және/немесе Жарыс нәтижесінде алынған басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды мерзімі және пайдалану аумағы бойынша шектеусіз, кез келген тәсілдермен және кез келген құралдармен жариялауға, жаңғыртуға және таратуға. Осы Келісімді белгісіз мерзімге өтеусіз негізде беремін.

9) Осы қолхатқа қол қою кезінде есірткілік, уытқұмарлық, алкогольді мас күйде болмағанымды, денсаулық жағдайым бойынша құқықтарымды жүзеге асыра және қорғай алатынымды және міндеттерімді орындай алатынымды, қол қоятын құжаттың мәнін түсінуіме кедергі жасайтын ауруларға шалдықпағанымды растаймын, сондай-ақ жаңылысу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, арам ниетті келісу немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында еместігімді растаймын.

10) Өз қолымен толтырылмаған қолхат үшін Ұйымдастырушы жауапты емес.

Осы құжаттың мәтінін мен дербес оқыдым, мазмұны менің нақты мақсаттарым мен ниетіме сәйкес келеді, құжаттың мәні мен құжаттың заңдық салдары маған түсінікті.

Қолхат жасалған күн: « ____ » _____

Қолы: _____